



Үміткерлерді іріктеу басталды

2



Бұқараға белгілі Бозжан би

4



Руханият темірқазығы

5



Заманауи балет труппасының кеші

6



# Сыр бойы



№172 (19850)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

14 қараша / БЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

■ ПРЕЗИДЕНТ



## Ынтымақтастық жемісі

Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында «Astana Club» халықаралық пікірталас алаңына қатысу үшін Нұр-Сұлтан қаласына келген Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі Мұхаммед Джавад Зарифті қабылдады.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен перспективасын, сондай-ақ, өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады.

Мемлекет басшысы биылғы қазан айында Ереванда өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес аясында Президент Хасан Руханимен табысты келіссөз жүргізгенін айтты. Қазақстан Президенті ирандық әріптесінің Нұр-Сұлтан қаласына өзіне ыңғайлы уақытта сапармен келуін күтетінін жеткізді. Мұхаммед Джавад Зариф Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан астанасында өзіне көрсетілген қонақжайлылық үшін алғыс айтты.

Иранның Сыртқы істер министрі «Astana Club» жұмысынан алған әсерімен бөлісе отырып, Қазақстанның Түңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың форумның пленарлық отырысындағы баяндамасын және жиынның сындарлы атмосферасын жоғары бағалады.

## Қорғаныс министрі қабылдады

Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевтың Қазақстан әскерінің қазіргі ахуалы мен даму перспективалары туралы есебін тыңдады.

Н.Ермекбаев Мемлекет басшысына Арыс қаласындағы төтенше жағдайдың салдарын жою туралы баяндады. Әскери ведомство басшысының айтуынша, еліміздегі барлық оқ-дәрі қоймаларына тексеру жүргізілген. Нәтижесінде аталған нысандарды қажетті қауіпсіздік деңгейіне жеткізу және оңтайландыру жоспары дайындалған.

Қорғаныс министрі ведомствоның орталық аппаратының қызметіне функционалды талдау жүргізудің бірінші кезеңі туралы есеп берді. Оның айтуынша, атқарылған жұмыстардың нәтижесінде министрліктің, бас штабтың және әскери басқарманың жергілікті органдарының 300-ден аса штаттық бірлігі оңтайландырылды. Соның есебінен 2020 жылдан бастап жыл сайынғы үнем 450 миллион теңгеден асатын болады. Бұл қаржы әскери құрамды материалдық тұрғыдан ынталандыруға бағытталды.

Сонымен қатар Нұрлан Ермекбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа кезекті әскер қатарына шақыру науқанының қорытындылары, қысқы оқыту маусымына дайындық және әскери техникаларды қысқы режимге көшіру жөнінде мәлімет берді. Бұдан бөлек әуе қорғанысы мен әскери-теніз күштерінің дамуы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған әскери шеруге дайындық, сондай-ақ, әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыдан қорғау мәселелері қозғалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Қарулы Күштерін қазіргі заман талабына сай жасақтауға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

■ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

## «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағы Қазақстанның туристік картасының топ-10 қатарына еніп отыр



Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті ұйымдастырған «Қазақстандағы ғарыш күндері: Байқоңыр – әлемдік ғарышкерлік бесігі» халықаралық форумы өтті. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов форумының ашылуына қатысты.

«Қазақстандағы ғарыш күндері» халықаралық форумы 2013 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді. Биылғы іс-шараға әлемнің 25-тен астам елінен 650-дей өкіл келді. ҚР Премьер-Министрі А.Мамин сөз сөйлеген форумға ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің басшылары, ҚР Парламентінің Мәжілісі және Сенат депутаттары, Қазақстан Республикасының ғарышкерлері, шетел мемлекеттер елшіліктерінің өкілдері, «Roscosmos», «Airbus Defence and Space» корпорацияларының өкілдері, отандық және шетелдік ұйымдар – «М.В.Хруничев атындағы



МҒҒӨ», «М.Ф.Решетнев атындағы АЖЖ» АҚ, «Транс-телеком», «One Web», «Thales Alenia Space», SES, «Leica Geosystems, Satrec Initiative», «Eutelsat» және басқалары қатысты.

Шараның негізгі мақсатының бірі – отандық ғарыш саласының жетістіктерімен бөлісу, экономиканы дамыту үшін ғарыш қызметін пайдаланып, озық әлемдік тәжірибе алмасу.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына сапары барысында Байқоңыр қаласын дамытудың тиімді тетіктерін анықтау және «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру қажеттігін атап өткен болатын. Соның ішінде «ғарыш аймағының ауқымы мен бірегейлігі озық компаниялар мен перспективалы технологиялық стартаптармен жұмыс істеу үшін тамаша мүмкіндік беретіндігін» алға тартқан еді.

Бүгінде «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру жөніндегі үкіметаралық келісімнің тұжырымдамасы мен жобасы дайындалды, мүдделі мемлекеттік органдармен келіссөздер жүргізілуде. «Байқоңыр» ғарыш аймағының туристік әлеуетін дамыту мақсатында «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру тұжырымдамасы, техникалық-экономикалық негіздемесі жыл соңына дейін әзірленбек. Оның аумағында шағын және орта бизнесті дамыту үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау бағытында туристік объектілерді орналастыру көзделіп отыр. «Байқоңыр» Қазақстанның туристік картасының ТОП-10 қатарына еніп отыр», – деді облыс әкімі Қ.Ысқақов.

Сонымен қатар, форумда «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру жобасының тұсауы кесілді.

■ СЕССИЯ

Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 38-ші сессиясы өтті. Облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов күн тәртібіне Қызылорда қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын бекіту туралы бір ғана мәселе енгізіліп отырғанын хабарлады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

## 2050 ЖЫЛ: Қызылорда қалай өзгереді?

Ол жөнінде алғашқы хабарлама жасаған қала әкімінің міндетін атқарушы Бектас Нұридинов Елбасының Қазақстандағы ірі қалалардың 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын әзірлеу туралы тапсырмасын орындау мақсатында ҚР Ұлттық экономика министрілігі жыл басында арнайы әдістемелік жол картасын бекіткенін мәлімдеді. Соған сәйкес облыс орталығында үкіметтік емес ұйымдармен, қоғам белсенділерімен бірге қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, қаланың даму стратегиясына қатысты ұсыныс-пікірлер назарға алынып, тиісті жұмыстар атқарылған.

Хабарламашы Қызылорда қаласының 2050 жылға дейінгі даму сипаты «Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының», Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарының және Елді аумақтың кеңістікте дамытудың болжамды сызбасы, Президент Жолдауы секілді құжаттардың мақсаттарына қол жеткізуге арналған стратегиялық міндеттермен тығыз байланысты екенін атап көрсетті. Стратегия тұрақтылық қағида-тарын ескере отырып, адами, табиғи-ресурстық, өндірістік-техникалық әлеуеттерді теңгерімді пайдалану, қоршаған ортаның сапасын және халықтың тіршілік ортасын жақсарту, қалалық басқару жүйесін жетілдіру, әкімшілік орталық ретіндегі мәртебеге сай бәсекеестік артықшылықтарды қалыптастыру бағытында әзірленген.

Қаланың даму стратегиясының мега мақсаты – Қызылорданы болашақтың қаласына және әлемдік басты экономикалық серіктестерімен тиімді байланыстыратын Шығыс және Батыс елдері арасындағы құрылысқаралық трансевразиялық дәлізге айналдыру. Оған қол жеткізу үшін үш маңызды стратегиялық міндет орындалуы тиіс. Олар – халықтың тұрмыс сапасын арттыру, экономика-ның орташа деңгейіне және ғаламдық халықаралық кеңістікке кірігу. Осы міндеттерді атқара отырып, 2050 жылға қарай Қызылорда қаласын заманауи метрополиске, прогресс аумағына, инновациялық технологиялары, өмір сапасының жоғары деңгейі, қолайлы ортасы бар «ақылды» қалаға, өңірдің ғылыми, білім беру және мәдени орталығына айналдыру көзделіп отыр.

2-бет.

■ БАСПАСӨЗ – 2020

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!



2020 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

■ ОЙЛАСУ

## Жайылым, мал тұқымы және ғылым: өнімділікті қалай көтереміз?

Қазақтың ас мәзірінде ет тағамдарының ерекше орны бар. Ет құрамы – адам ағзасына аса қажетті, ақуыздар, майлар, минералдық тұздарға, көмірсутектерге бай әрі пайдалы, адамның күш-қуатының негізі.

2,7 млн гектары тозу мен эрозияға ұшыраған. Осы жайылымдардың өзін-өзі қалпына келтіру қабілеті жылдан жылға төмендеген. Көлемі 12,5 млн гектар болғанмен,

Мемлекет пен қаржы ұйымдары облыстағы төрт түлік мал өсіріп отырған түрлі санаттағы кәсіп-орындардың жыл сайын ет өндіруді қарқынды арттыруға бағытталған іс-шаралар мен бағдарламаларына жеткілікті қолдау көрсетіп, қаржыландыруда. Атап көрсетсек, асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуға, малдың өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялауға былтыр 2248,8 млн теңге қаржы бөлінді. Соңғы жылдары аймақта мал басы біршама көбейді. Мысалы, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда биыл ірі қара 4,4%, қой мен ешкі саны 3,6%, жылқы 13,1% және түйе 7,5%-ке артқан. Облыс буферлік аймақтан шыққалы бері аз болса да, мал экспортталуда. Алайда өңірде ет өндірудің көлемі халықтың бұл өнімге деген сұранысын әлі де толық қанағаттандырмай отырғаны ақиқат. Негізгі себептің бірі – өңірде табиғи мал жайылымдары



рын жүйесіз және жылдар бойы шығымдылығы 1,4-1,8 ц/га шама-үздіксіз пайдаланғанның кесірінен сында ғана. Мал тоймағандықтан

өнімділігі төмен. Табиғи көпжылдық шөп тұқымдарын үстемелеп ету жұмыстары жоқтың қасы. Осы алқаптарға жүзгін, бидайық, еркек-шөп, теріскен, изен шөптерінің тұқымдарын агротехникалық шараларға негіздеп жылма-жыл егіп тұру қажет деп ойлауымыз. Жем-шөптің азықтық өлшемі (кормовая единица) анықталмай, малшы қауым оны көз мөлшермен беріп келеді. Сондықтан бір азықтық өлшемдегі жем-шөпке біз қанша өнім алып отырғанымыз белгісіз. Шаруашылықтың мал баққандағы экономикалық тиімділігі шамамен ғана анықталып отыр.

Аймақта тауарлы ірі қара өсіріп отырған майда қожалықтардың үлесі басым. Осындай шаруашылықтарда 130-150 бас сиырдың мол ет өндіру жұмыстарын ойдағыдай жолға қою қиын. Көп еңбек сіңіру керек. Нәтижесінде аз мөлшердегі ет өнімі оны өндіруге жұмсалған шығынды ақтағанмен, пайдасы соншалықты қомақты болмайды. Бүгінгі таңда облыстағы 350,9 мың ірі қараның 7462 басы, яғни 2,3%-і ғана асыл тұқым есебінде. Осы тұқым мал үлесінің түп азығын аймақта етті мал басын көбейту жұмыстары да баяу жүргізілуде.

2-бет.



# 2050 ЖЫЛ: Қызылорда қалай өзгереді?

Б.Нүридинов аталған міндеттерді шешу үшін креативті экономика, адами капиталды дамыту, қоршаған орта, цифрландыру, қалалық жоспарлау секілді бес басым бағыт айқындалып отырғанына назар аударды. Креативті экономика жүзеге асыру үшін мұнай мен газды қайта өңдеу, химия өнеркәсібін, құрылыс, шыны, күріш кластерін, тоқыма өнеркәсібі үшін синтетикалық жіп өндірісін дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау сияқты түрлі бағыттарда жұмыстар жүргізілетін болады. Адами капиталды дамыту мақсатында халықты жұмыспен қамту салаларын және мүмкіндіктерін кеңейту, тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету, білім беру және әлеуметтік нысандар санын ұлғайту, білім сапасын артты-

ру, кадрлар мен қызметкерлер біліктілігін арттыру көзделген. Қоршаған орта бағыты бойынша Қызылорда қаласын және жақын елді мекендерді көгалдандыру, айналасында жасыл белдеу қалыптастыру, іргедегі елді мекендерді толығымен газдандыру, коқыс сұрыптау кешенін жетілдіру, күн және жел станцияларын салу секілді жобалар жүзеге асырылады. Төртінші бағыт бойынша қазіргі заманғы платформалар мен қауіпсіздікті, ақпараттық технологиялар негізінде цифрландыру деңгейін арттыру, «ақылды технологиялар» бар «ақылды қаланы» қалыптастыру бағытындағы жұмыстар атқарылады. Қаланы жоспарлауда индустриялық аймақты ұлғайтуға, көпқабатты тұрғын үй мен жеке тұрғын үй құрылысын дамыта отырып, көркейту-абаттандыру жұмыстарына басымдық беріледі.



Сессияда қаланың даму стратегиясын жасауға атсалысқан «Гео Дата Плюс» ЖШС бас директоры Людмила Кузнецова стратегиялық болжамдарға қатысты көрсеткіштерді келтірді. 2019 жылдың 1 қаңтарында Қызыл-

орда қаласының халқы 303109 адам болған. Бұл 2009 жылмен салыстырғанда 68 мың адамға артық. Ал 2050 жылы

қала халқы 596 мың адам болады деп болжанып отыр. Осыдан 10 жыл бұрын қала тұрғындарының жалпы өмір сүру ұзақтығы 67 жас болса, биыл бұл көрсеткіш 71 жасқа жетіп отыр. Ал 2050 жылы 75 жас болады деп күтілуде. Облыс орталығындағы еңбекке қабілетті жастағы адамдар саны биыл 200,2 мың адамды құраса, 2030 жылы 244,5 мың, 2040 жылы 286 мың, 2050 жылы 328,8 мың адамға жетеді деп болжанады. Өндірістегі жоғары технологиялық тауарлар үлесі 2050 жылға қарай өсіп, 15%-ке жетеді.

Қызылорданың электр энергиясына деген қажеттілігінің 30%-тен астамын жабуға қол жетпек. Серіктестік басшысы Қызылорда қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын әзірлеуде қалаларды жоспарлау мен дамытудың халықаралық тәжірибелері ескерілгенін жеткізді. Сессияда депутаттар Ибадулла Құттықожаев, Асқар Махамбетов, Жанкелді Ысқақ сөз алып, қоғамдық талқылаулар барысында көптеген маңызды ұсыныстар айтылып, олар стратегиялық маңызды құжатты дайындауда негізге алынғанын атап өтті. Сонымен бірге, қаланы азық-түлікпен қамтамасыз етуде жергілікті жерде өсірілген көкөністер мен мал өнімдеріне басымдық беріледі. Мұнан соң халық қалаулылары болашаққа негізделген стратегиялық құжатты бекітуге бірауыздан дауыс берді.

## «NUR OTAN»

# Үміткерлерді іріктеу басталды



«Nur Otan» партиясы Сырдария аудандық филиалының қаржылық резервіне үміткерлерді іріктеу басталды. Тереңөзек кенті және Н.Лиясов атындағы ауылда алғаш рет пікірталас форматында өткен шараға 12 үміткер қатысты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Биыл Елбасы, «Nur Otan» партиясы Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев партияның саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серіні» атты бағдарламасын ұсынған еді. Жанғыр бағдарламасында Нұрсұлтан Назарбаев партия жанына белсенді азаматтарды топтастыру, партияның ядролық элементтерін қалыптастыруды тапсырды. Осы мақсатта облыста «Nur Otan» партиясы Сырдария аудандық филиалының қаржы резервін қалыптастыру қолға алынды. Аудан бойынша қаржы резервке 47 үміткер тіркелген. Енді олар 15 қарашаға дейін бағдарламаларын халық арасында насихаттайды. Еркін,

ашық пікір алмасу мақсатында өткен бұл шара үміткерлер үшін тиімді мүмкіндік болды. Тереңөзек кентінде өткен пікірталаста алғашқы 6 үміткер ел алдында партиялық резерв құрамына қабылданудағы мақсатын жеткізді. Алғашқы кезеңде өздерін және бағдарламаларының негізгі бағыттарын таныстырып, екінші кезеңде «Аумақтың өзекті мәселелері және оны шешу жолдары» тақырыбында ойларын ортаға салды. Мұнан кейін пікірталас шарты бойынша үміткерлер бір-біріне сауал қойып, бағдарламада айтылған мәселелердің шешілу жолдарын нақтылады. Айталық, 10 жылға жуық облыстық ішкі істер департаментінде

қызмет атқарған Жұмабек Ембергенов аудан тұрғындары арасында қылмысты азайту, алдын алу бағытында жұмыс істегісі келетінін айтты. Сондай-ақ, шағын және орта бизнестің жандануына үлес қосқысы келеді. Ал, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Айдана Жәкиеваны жастар арасындағы жұмыссыздық алаңдатады. Оның айтуынша, бүгінде жастардың 40-50 проценті мемлекеттік бағдарламалардың атын ғана біледі. Аудандық «Тіршілік тынысы» газеті редакторының міндетін атқарушы Ақтөре Ибрагимұлы бағдарламаны жасауда тұрғындардың талап-тілегін жергілікті атқарушы билікке жеткізіп, мәселенің оңтайлы шешімін қарастыру мақсаты болғанын атап айтты. Пікірталасқа мұнан бөлек Қайрат Ерманов, Елена Мясцова, Бөлбай Әбдіқалыров қатысып, аудан көлеміндегі алаңдатарлық мәселелердің шешімін ұсынды.

## ТАЛҚЫ

# Пікірлер ескеріледі

Кеше облыстық ішкі саясат басқармасы «Мемлекеттік дін саясатын жүргізудегі бұқаралық ақпарат құралдарының ролі» тақырыбында жиын ұйымдастырды.

Басқарма басшысы Талғат Маханов шараның мақсаты – 2017-2020 жылдарға арналған еліміздің дін саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасын жүзеге асырудағы БАҚ-тың ролі мен маңызын арттыру, арнайы құрылған журналистер пулының қызметін жетілдіру екенін атап өтті.

Назирке САНИЯЗОВА.

– Тұжырымдамада мемлекеттің зайырлы даму қағидаттарын, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық моделін қалыптастыру, дінді экстремизмнің алдын алу, дінни өшпенділікті өршітпеу, діншілдікті насихаттауға жол бермеу қажеттігі айқын көрсетілген. Сонымен қатар, жат ағымдардың дәстүрге қайшы іс-әрекеттері мен от-

басы институтына тигізер зиялеттің зайырлы даму қағидаттарын, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық моделін қалыптастыру, дінді экстремизмнің алдын алу, дінни өшпенділікті өршітпеу, діншілдікті насихаттауға жол бермеу қажеттігі айқын көрсетілген. Сонымен қатар, жат ағымдардың дәстүрге қайшы іс-әрекеттері мен от-

басы институтына тигізер зиялеттің зайырлы даму қағидаттарын, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық моделін қалыптастыру, дінді экстремизмнің алдын алу, дінни өшпенділікті өршітпеу, діншілдікті насихаттауға жол бермеу қажеттігі айқын көрсетілген. Сонымен қатар, жат ағымдардың дәстүрге қайшы іс-әрекеттері мен от-

ғының бөлім басшысы Нұрлан Тәшім тақырыпқа қатысты ойларын бөлісті.

– Дінді экстремизм мен терроризм бағытында жазатын базир журналистер тенеулерге мән бермейді. Мұның заңға қайшы екенін қаперге алмайды. Жазбас бұрын қай нәрсенің де анық-қанығына көз жеткізу керек, – деді Н.Тәшім.

Өз кезегінде С.Алдашбаев салт-дәстүрлердің дінімен сабақтастығын, ырым-тыйымдарды жариялауда әріптестерін сақтыққа шақырды. А.Тұңғышбаева осы бағытта қысқа да нұсқа, айтары анық видеоматериалдар әзірлеу, оны халыққа жеткізуде телеарнадан бөлек, әлеуметтік желілердің мүмкіндігін пайдалану керектігін жеткізді. Басқарма басшысы ұсыныс-пікірлердің ескеруіне қалмайттынын айтты.



# Жайылым, мал тұқымы және ғылым: өнімділікті қалай көтереміз?

Облыстың асылтұқымды етті ірі қара шаруашылықтарында қазық ақбас, ангус, санта-гертруда және қалмақ тұқымдары болғанымен, оларды таза өсіру мен селекция жұмыстары әзірге төмен деңгейде. Сол себепті сиырдың алынған төлдің тірілей салмағы жылдан-жылға тұқым стандарттарынан алшақтап барады. Сондықтан жаңадан асылтұқымды мал табындарын құру жұмыстары кешуімен тұр. Осы шаруашылықтарда түрлі тұқым малының әрқайсысының саны 100-200 бастан аспайды. Осыншалықты аз малмен селекциялық жұмыс жүргізіп, етті малды өз төлінен көбейту жуық арада іске аса қоятын оңай шаруа емес. Одақ кезінде облыстың совхоздарына сырттан әкелінген асылтұқымды ірі қараның саны аз болып (400-600 бас) селекция жұмыстары дұрыс жүргізілмегендіктен уақыт өте келе азып, ауылдың қарапайым малына айналып кеткен еді.

Біздің қатал табиғи ортамыздың ерекшеліктеріне бе-

йімделген тұқымдардың ішінде қазық ақбас және қалмақ тұқымды ірі шаруашылықтарда 800-1200 бастан өсіргенде бәсекеге қабілетті сапалы ет өндірілмек. Осы тұқымды малды облыс шаруашылықтарында аудандастыра отырып, өндірістік жолмен көбейтуге, асылтұқымды репродуктивтік табындарды қалыптастыруға селекциялық жұмыстар ықпалын тигізе-



тініне күмән жоқ. Аталған іс-шараларды ірі қара шаруашылықтарында жүзеге асыратын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы Б.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-дың мал шаруашылығы бөлімінің негізінде ғылыми орталық ашу керек. Ғылыми орталық барлық тұқым мал санын, оның ішінде бонитировка арқылы анықталған мал категорияларын компьютерде

жинап, сараптап, сақтауы тиіс. Жыл сайын алынатын деректер малды өсіру дәрежесін, сапасын анықтап қана қоймай, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың болжамын жасап, тиімді жоспар құруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Жүйелі жүргізілген бонитировка нәтижесінде он балдық шкала бойынша мал тұқымы сыналғып, бағаланса ғана, біздің қандай мал бағып отырғанымыз анықталады. Жас саратыны жоқ, біз біршама асылтұқымды ірі қара ұстап отырған шаруашылықтарда осы малдың жергілікті ірі қарамен бірге бағылатынын ішінара көріп жүрміз. Сиыр етін өндіру технологияларында ірі қара тұқымын таза өсірумен қатар бұданастырау жұмыстарын да бірге жүргізу арқылы көңілге толымды, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Бұдан төлдердің күтімі, азықтандырылуы жақсы болса, олар өздерімен деңгейлес төлдерден салмағы, еттілігі бойынша соншалықты алшақ болмайды. Біздің етті мал тұқымдарын

өсіріп, көбейтудегі түпкі мақсатымыз – малға аз шығын жұмсап, сапалы, мол ет алу. Мақсат орындалғанда еттің өзіндік құны төмендеп, шаруашылықтың өнім өндірудегі тиімділігі жоғарылайды, өнімнің бәсекелестік қабілеті артады.

Өндіріс сиыр етін өндіру технологияларын іске асыру үшін қазық ақбас, әсіресе қалмақ тұқымды ірі қарасын пайдалануды ұсынамыз. Қазықтың етті ақбас тұқымы – сөз жоқ, отандық бренд. Бұл тұқым малдың ет өнімділігі, тұқымдық сапасы жоғары. Денесінің бұлшық еттері толық қалып. Сиырлардың орташа салмағы 520-540 келі, тұқымдық бұқалары 850-900 келі тартады, 18 айлық бұқашықтардың салмағы 410-430 келіге дейін жетеді. Жас мал жайылымда айына 22-24 келі, бордақыланды 28-30 келі салмақ қосады. Ет шығымы орташа есеппен 56-58 процент құрайды, еті мрамор тектес, дәмді. Дегенмен, осы отандық тұқымды біздің білікті малшылар, мамандардың пікірінше,

көбейтудегі түпкі мақсатымыз – малға аз шығын жұмсап, сапалы, мол ет алу. Мақсат орындалғанда еттің өзіндік құны төмендеп, шаруашылықтың өнім өндірудегі тиімділігі жоғарылайды, өнімнің бәсекелестік қабілеті артады.

Қазықтың етті ақбас тұқымы – сөз жоқ, отандық бренд. Бұл тұқым малдың ет өнімділігі, тұқымдық сапасы жоғары. Денесінің бұлшық еттері толық қалып. Сиырлардың орташа салмағы 520-540 келі, тұқымдық бұқалары 850-900 келі тартады, 18 айлық бұқашықтардың салмағы 410-430 келіге дейін жетеді. Жас мал жайылымда айына 22-24 келі, бордақыланды 28-30 келі салмақ қосады. Ет шығымы орташа есеппен 56-58 процент құрайды, еті мрамор тектес, дәмді. Дегенмен, осы отандық тұқымды біздің білікті малшылар, мамандардың пікірінше,

көбейтудегі түпкі мақсатымыз – малға аз шығын жұмсап, сапалы, мол ет алу. Мақсат орындалғанда еттің өзіндік құны төмендеп, шаруашылықтың өнім өндірудегі тиімділігі жоғарылайды, өнімнің бәсекелестік қабілеті артады.

Қазықтың етті ақбас тұқымы – сөз жоқ, отандық бренд. Бұл тұқым малдың ет өнімділігі, тұқымдық сапасы жоғары. Денесінің бұлшық еттері толық қалып. Сиырлардың орташа салмағы 520-540 келі, тұқымдық бұқалары 850-900 келі тартады, 18 айлық бұқашықтардың салмағы 410-430 келіге дейін жетеді. Жас мал жайылымда айына 22-24 келі, бордақыланды 28-30 келі салмақ қосады. Ет шығымы орташа есеппен 56-58 процент құрайды, еті мрамор тектес, дәмді. Дегенмен, осы отандық тұқымды біздің білікті малшылар, мамандардың пікірінше,

Серік КЕНЖЕБАЕВ, ветеринария ғылымдарының докторы, Темірбек ҚОСАЕВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.





# Алаштың айбынын асырған палуандар бәсекесі тартысты өтуде

Қызылордада өтіп жатқан қазақ күресінен ел чемпионатына байтақ республиканың барлық өңірінен күш сынасуға 500 спортшы білек сыбана келді. Әрбірін қолдау көрсетер жанкүйері бар. Дүйсенбіде бастау алған тартысты бәсеке бүгін өз мәресіне жетпек. Осыған дейін ерлер 9 салмақ дәрежесінде, сонымен қатар түйе палуандар сайысында сыңға түссе, бүгін әйелдер арасында 7 салмақ бойынша жарыс өткізіледі.

Дәулет ҚЫРДАН.

«Евразия» спорт кешеніндегі дүбірлі доданың Сыр елінде ұйымдастырылуы да тегін емес. Бүгінде барыстарды анықтап, бұла күш иесін танытуды мақсат еткен «Алтын белбеу» сайысы да Ақмешіттен бастау алғаны белгілі. Ақын-шайырларынан бөлек қазақ күресінен талайдың таңдайын қақтырған Сыр спортшылары қазақ атын әлемге паш етіп келеді. Бұл ойды жарыстың алғашқы күнінде ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі, ҚР Қазақ күресі федерациясының президенті Дәурен Абаев та қуаттаған.

– Сыр елі – қазақ күресінің палуандарына өте бай өңір. Мұның өзі қатысушы жастарға зор серпін береді. Жыл сайын чемпионаттың денгейі өсіп келеді. Бұл бәсекенің де тартысты өтетініне сенімдімін, – деді федерация президенті.

Сайыстың алғашқы күнінде ерлер арасындағы 90, 100 және 100 келден жоғары салмақтағы спортшылар белдесті. Чемпионатқа өңірден 40 спортшы қатысып, аймақ абыройы үшін белдесе, 90 келі салмақ дәрежесінде соның екеуі сыңға түсті. Оның бірі Ринат Тоғысов ә дегеннен алғашқы қарсыласы жамбылдық Аян Рысбайға есе жіберіп, жарыстың жарты жолына да жете алмай қалды. «Өтпеген-айлаған» жұртшылық жерлесіміз Ержан Абдуллаевқа үміт артқан. Ол шымыкенттік Марат Байқауровтың жауырынын жерге тигізді. Дегенмен, бұл үмітіміз де ұзаққа бармады. Жамбылдық Айбол Айтбек сенім артқан палуанымызды сұлатты. Бұл жерде бойдағы бұла күштен бөлек әдіс пен айла да маңызды рөл атқарды. Қолын қарсыласының нығанын асырып, белден ұстап, басынан асыра лақтыруға мүмкіндігі зор бойлы палуандар да жығылып жатты. Бұл салмақтағы спортшылардың арасынан бір айтып отырған жамбылдық Айбол Айтбек қарсыласынан шақ келтірмей, 1 орынды қанжығасына байлады. Ал, ақтық сында оған есе жіберген алматылық Ерасыл Жанатаев екінші орынды еншіледі. Айболмен белдескен атыраулық Сүнгат Закарияев пен актөбелік Әділет Мисин үздік үштікті түйіндеді.

Қақпақ жауырындардың 100 келі салмақ дәрежесінде сыңға түскендері тартысты бәсекені байқатты. Жерлесіміз Нұрым Сәлімгерей де жарыс жолында көрінді. Мұнда одан бөлек Спандияр Алмаханов пен Айдын Жыланбасов та аймақ абыройын қорғауға атсалысты.

Нұрым осы сайыста 4 жекпе-жек өткізді. Оның барлығында дерлік айқын басымдығын көрсетті. Алдымен Шығыс Қазақстан облысының палуаны Жасұлан Мұхаметхановтың нығанын асыра лақтырып, жауырынын жерге тигізсе, онан соң қостанайлық Алмас Жұмағалиды да дәл солай жықты. Қарағандылық Ерка-

нат Молдағұловтың да Нұрыммен белдесуде жолы болмады. Оңбай жеңілді. Әсіресе, төртінші белдесу кезіндегі жанкүйерлер даусы залды жаңғыртып жібергендей. Сол түстік Қазақстан облысынан келген Мұхит Тұрсынов екеуі беріспеді. Қара терге малшынып, қаққан қазықтай қақшып тұр, құламады. Десе де, уақытты тоқтата алмайсың. Бес минут демде өте шықты. Бес минуттың салмағы Нұрымнан екі келі жеңіл болып, төрешілер шешімімен Мұхит Тұрсынов бірінші орын алды да, Нұрым Сәлімгерей екінші орынды еншіледі. Атыраулық Арман Қалиев пен қарағандылық Еркәнат Молдағұлов үшінші орынға тұрақталды.

Салмақ ауырлаған сайын сайыстың салмағы да арта түскендей. 100 келден жоғары салмақ дәрежесінде 28 палуан шеберліктерін байқасты. Оның ішінде жерлестеріміз – бірнеше дүркін ел чемпионы, Азия чемпионы атанғандары бар. Байқасак, күресіп жүрген палуандардың көпшілігі Қармақшы топырағынан екен. Бұл күнде онда Текей батыр атындағы спорт клубы жұмыс істейді. Мақсат Исакабылов, Нұрым Сәлімгерей, Марат Баймаханов, Бауыржан Раисов, Қайрат Жалғасбаев, Мұхит Досямбетов сол мектептен түледі. Палуандарды іріктеп, үлкен спортқа бағыттау мақсатында ашылған мектепте бүгінде 300-ге жуық жас тәрбиеленуде.

– Бұл спорт клубын ашу оңай болмады. 2006 жыл еді. Сол кездегі аудан әкімі Рзақұл Нұртаев ауыл ақсақалдары мен спорт жанашырларын жинап, спорт клубын ашу керектігін айтты. Маңыздысы, елден мықты палуандар шығып жатты. Сол істі әрі қарай дамыту керек еді. Содан клубты аштық, ақсақалдардың келісімімен оған атақты Текей батырдың есімін бердік. Қазірдің өзінде түлектеріміз әлемді бағындырып жүр. Же-

місін берді, – дейді клуб директоры, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әділбек Серікбаев.

Осы мектептің шәкірті Айбек Серікбаев – Әлем және Азия чемпионы. Сүйінші жаңалығы – алдағы жылы Жапонияда дэюдо күресінен өтетін чемпионатқа дайындалып жүр.

Қош, жарысқа оралайық. Ауыр салмақтағылардың аймақсы бөлек болды. Құлды бір көздерінде от ойыған барыстардың шайқасы дерсін. Боз кілемге маңғаздана шығып келе жатқан сайыпқырандардың дене тұрқы да барыс десе болғандай. Төрт дүркін әлемді мойындапты, екі дүркін Қазақстан барысы атанған Айбек Нұғымаров та осы салмақта сыңға түсті.

Байрақты бәсекеде сырбойылықтар Мақсат Исакабыловтан үміттенді. Талай дүбірлі долада аймақтың ғана емес, Алаштың абыройын асырып жүрген айытөс палуанын жауырыны жерге тимес десті. Әйткенмен, «бақ шаба ма, бап шаба ма» деген. Мақсаттың алғашқы қарсыласы қарағандылық Ұлықбек Төлеуов болды. Әп-сәтте сырғыған секундтарда жерлесіміз қарсыласын жықты. Әйткенмен, одан кейін жамбылдық Ғалымжан Қырықбайдан жеңілді. Ол – биыл ішледе Неапольда өткен Универсиада ойындарында ел қоржынына алғашқы алтынды салған спортшы. Жерлесімізден басым түсіп, ақтық сыңға жетті. Мықтылардың бәсекесінде Айбек Нұғымаров пен Ғалымжан Қырықбай 1 орынға таласты. Атағы алты Алашқа тараған

Нұғымаров алды. Ал, үшінші орын маңғыстаулық Нұрәулет Жарылғапов пен жерлесіміз Мақсат Исакабыловқа бұйырды.

Көрермендер арасынан «бәлкі, бұл Сырдың қонақжайлылығы шығар» деген пікірлер айтылып жатты. Рас та шығар?! Әйтпесе, Қызылорда – қазақ күресіне ерекше мән берген аймақ. Осы күнгі «Евразия барысы», «Әлем барысы», «Қазақстан барысының» бастауы Сыр елінде жатыр. Оны облыстық қазақ күресі федерациясының президенті Рзақұл Нұртаев еске түсірді.

Арман Шораев Монғолияға сапарлап барғанда олардың күресін тамашалайды. Сонда әр салмақ бойынша жеңімпаздарға лашын, сұңқар тәрізді атақтар беріледі әрі оны Президенттің өзі табыстайды. Мұны көрген ол дереу бізге шықты. Сол кездегі облыс әкімінің бірінші орынбасары Мадияр Алдонғаров екеуіне күрестің ерекшеліктерін жан-жақты түсіндіріп бердім. Осылайша, көп ұзамай «Алтын белбеу» палуандар бәсекесі пайда болды. 2010 жылы «Алтын күз» мерекесінде бюджеттен тыс көздерден 100 мың АҚШ долларын бөлісіп, жеңімпаздарға жүлде үлестірдік. Келесі жылы бұл соманы бюджеттен бөлініп етіп шештік. Мұның ішінде екеніне көз жеткізген соң 2011 жылы «Қазақстан барысы» елордада ұйымдастырдық. Барлық қаржысы біздің облыстың мойнында болды. Сол кездегі «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Өмірзақ

Шөкеев оң бағасын беріп, қаржыландырылуын қордың мойнына артты. Содан бері 1 млн АҚШ доллары қордан бөлінеді. Қызылорда облысы бес жыл бойына «Евразия барысын» ұйымдастырды. Қытайда, Иранда және Қазақстанның үш облысында, – деді Р.Нұртаев.

Осындай мүмкіндігі зор өңірдің спортшыларына сырт көз қызыға да қызғана қарайды. Қызылордалық палуандардың ептілігі мен тектілігі де бөлек. Қонаққа жол берді деуі осыдан да шығар?! Жарыстың келесі күнінде 55 және 60 келі салмақ дәрежесіндегілермен бірге түйе палуандар да сыңға түсті. Дамир Әбделов, Нұржан Тілеуберенов, Мұхамеджолжа Әділжан, Бекзат Төлеуов, Мұхит Шерәлиев секілді палуандар 55 пен 60 келі салмақтағы сыңға өздерінің шеберліктерін көрсетіп бақты. Әйткенмен, қапы қалып, қарсыластан жеңіліп жатқандар да аз емес. Көрермен көңілінде бір үміт пен бір күдік арпалысқан сәт болды.

Күрестің көкесі түйе палуандар сайысында өңірдің атынан Мақсат Исакабылов, Марат Баймаханов, Нұрым Сәлімгерей қатысатын болған. Әйткенмен, Марат Баймахановтың жарыста жолы болмады. Нұрым Сәлімгерей жаракатына байланысты кілемге шыға алмады. Түйе палуандар сайысындағы Сырдың жалғыз үміті Мақсат Исакабылов қана болды.

Жерлесіміз шығысқазақстандық Жасұлан Мұхамеджановпен белдесуінде бірнеше мәрте шабуыл жасады. Екеуі де мықтылығын көрсетті. Бірақ Мақсат бәрібір оны нығанын асыра лақтырды. Нұр-Сұлтан қаласының палуаны Бекзат Шымкеевті де дәл солай жыққан Мақсаттың шымыкенттік Марат Байқауровпен белдесуде де мысы басым болды.

Түйе палуандар сайысының жарығайы финалына Мақсат Исакабыловпен қатар алматылық Нұрсұлтан Аманжолұлы, Шығыс Қазақстан облысынан Талғат Әмренов, Нұр-Сұлтан қаласынан Айбат Сейтен өтті.

Дүйім жұрт тағатсыздана тосқан ақтық сыңа да келіп жетті. Енді палуандар бар күш-жігерін жинап, шешуші айқаста жеңіске таласады. Сайыс басталғалы бір демалса бақылаған жұртшылық жерлесіміз Мақсат Исакабыловпен біз кілемге шығатын алматылық Нұрсұлтан Аманжолұлынан сескенгенді. Белдесу басталғанда-ақ өзінің әдіс-тәсілінің ерекше екенін байқатқан палуан көңілдегі күмәнді демде басты. Алматылықтың жауырыны жер иіскеді. Енді Мақсат жарыстың жеңімпазы болу үшін шығысқазақстандық Талғат Әмренов пен елордалық Айбат Сейтеннің қай жеңісін шығайды. Палуандардың ешбірі жеңісті қолдан бермеді. Айбат айбынды болып шықты, Әмренов те жығылды.

Финалдық жекпе-жек Мақсат Исакабылов пен Айбат Сейтеннің арасында өтті. Нұр-Сұлтанлық палуан оңай шағылар жанғақ емес екен. Бұл жылы Мақсат Исакабылов ел чемпионының екінші орнын еншіледі. Ал бірінші орынның биігін Айбат Сейтен бағындырды. Үшінші орын Нұр-Сұлтан Аманжолұлы мен Талғат Әмреновке бұйырды.



Қызылордада өткізілген «Алтын белбеу» сайысының бірінші күнінде спортшылардың қолдау көрсетуі.

Қызылордада өткізілген «Алтын белбеу» сайысының бірінші күнінде спортшылардың қолдау көрсетуі.

Қызылордада өткізілген «Алтын белбеу» сайысының бірінші күнінде спортшылардың қолдау көрсетуі.

Қызылордада өткізілген «Алтын белбеу» сайысының бірінші күнінде спортшылардың қолдау көрсетуі.

Қызылордада өткізілген «Алтын белбеу» сайысының бірінші күнінде спортшылардың қолдау көрсетуі.

Қызылордада өткізілген «Алтын белбеу» сайысының бірінші күнінде спортшылардың қолдау көрсетуі.



Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Корей елінде ауыр атлетикадан өткен дүбірлі долада Азия чемпионы атанған Рахат Бекболат пен «Хрустальная магнолия» халықаралық жас орындаушылар фестивалінің жеңімпаздары Қарақат Базарбайды, Саят Сарманбекті және көркемөз жанры бойынша 1 орын иегері Хорлан Саинды қабылдап, арнайы құттықтады.

## Жеңімпаздарды құттықтады



Корей елінде өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында 96 келі салмақ дәрежесінде зилтемірші Рахат Бекболат Азия чемпионы атанды. Он бес жасар Рахат бүгінгі өзінде ауыр атлетикадан «ҚР Спорт шебері» атағына ие. Жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатына қатысқан Азия чемпионы Нұржан Смахановқа және жас таланттық А.Токмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Сыр саудагерлері» ән үйірмесінің жетекшісі Бағдатұл Есмұрзаеваға «Құрмет» грамотасы табыстады.

Қала әкімі салтанатты кезде-

Барлыбек БАТЫР.

## Мемлекеттік жәрдемақы төленеді

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мамандарының болжамы бойынша 4 немесе одан көп баласы бар 340,3 мың отбасы коопбалаы болуына байланысты мемлекеттік жәрдемақыға үміткер. Айта кетерлігі, аталған жәрдемақы енгізілгеннен бастап Қазақстандағы коопбалаы отбасылар санының артуына байланысты алушылар саны да ұлғаяуы мүмкін.



Аталған мемлекеттік жәрдемақыны енгізу – Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасы бойынша ҚР Еңбектің әзірлеген атаулы әлеуметтік көмек көрсетуші жаңа тетіктерін таңыстырған болатын.

Ең басты принцип – мемлекет жәрдеме мұқтаж адамдарға, әсіресе балалар мен коопбалаы отбасыларға көмектеседі! Еңбекке қабілетті азаматтар жұмысқа орналасуға немесе шағын бизнеспен айналысуға көмектеседі.

Атаулы әлеуметтік көмек табысы аз отбасыларға, соның ішінде коопбалаы отбасыларға төленетін болады. Ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-і тағайындаудың шекті критерийі болып қала берді. Егер еңбекке қабілетті отбасы мүшесі ұсынылған жұмыстан және жұмыспен қамтуға жәрдемеде шараларын бас тартса, онда АӨК төлемі тек оған ғана емес, бүкіл отбасына да тоқтатылады.

Табысы аз отбасылардан шыққан балалар үшін кепілдендірілген әлеуметтік пакетті енгізу ұсынылады. 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды азық-түлік жиынтығымен және гигиеналық құралдармен, 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды мектептерде ыстық тамақпен, оқу құралдарымен және мектеп кіндімен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ оларға мектепке дейінгі жол жүру шығындары өтеледі. Медициналық, оның ішінде стоматологиялық көмек 18 жасқа дейінгі балаларға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде көрсетілетін болады.

Орта есеппен алғанда, жәрдемақы мөлшері әр балаға 10-11 мың теңгені құрайды, бұл 2018 жылдан бастап тағайындалмайтын осыған ұқсас жәрдемақидан 4-7 есеге көп.

Айта кетерлігі, Қазақстанда бүгінде бала саны 7-ден асатын 3151 отбасы бар. «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған және «Ана даңқы» орденімен марапатталған коопбалаы аналарға жеке мемлекеттік жәрдемақы төленеді, олардың орташа мөлшері 16 160 теңгені құрайды. Ағымдағы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша оны 235 мыңға жуық адам алады. Бұл мемлекеттік жәрдемақы сақтала бермек.

Бұдан бұрын хабарланғандай, биылғы 7 қазанда ҚР Үкіметі отырысында Еңбек және ха-

Лиман БОРАНБАЕВА, Еңбек, әлеуметтік қорғау және қол-қон комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары.



ЖОЛСАПАР

Бұқараға белгілі Бозжан би



Танәріде Қызылорда қаласынан күншығысты бетке алып жолға шықтық. Бағытымыз – кезінде ел жайлап, атақоныс болған Мойынқұм, Қарақұм. Жол талғамайтын көлікте сегізбіз. Алдыңғы көлікте 82 жастағы қария Кәрібай Ахметов, облысқа белгілі кәсіпкер Алмаз Рахмет, еңбек ардагері Мектепбай Бошқаев және жүргізуші Бауыржан бар. Ел ішіндегі көлікте ҚР мәдениет саласының үздігі Сансызбай Сәдуақасов, кезінде Іңкәрдария қой совхозында зоотехник болған Уәли Қонақбаев және жүргізуші Мұрат төртеуіміз. Бұл кісілердің жолға шыққандағы мақсаты – атажұртқа табан тіреп, Сыр және Арқа өңіріне белгілі болған Бозжан би басына белгі қою.



Қаладан ертерек шыққанда таң енді ғана қылаң берген еді. Облыс орталығынан үзкіт бергенде күн ұясынан қызара шақты. Күншығысқа қарсы жүрген соң көз аштырмай, шағылысып келеді. Жан-жақты барлап, ең даланың ой-қырына көз жүгірткенмін. Қариялардан естүімше, ауданда қарасты Қарақұм, Мойынқұм, Арысқұм жері – бұрынғы атажұрт. Мұнда ел қоныстанып, аудан халқы көшіп барып, тіршілік қайнаған. Ерте көктемде қойшы, малышылар қыра қарай шығып, жаз жайлауын өткізіпті. Жері сулы, нулы болған соң бұл маңды Арқа жақтың елі де қоныстанып, екі ел ауылы аралас, қойы қоралас тіршілік кешкен. Ал қысқа таман қырды жайлаған жұрт Сырға құлап, дария бойын мекен еткен.

Жол үстінде бұл әңгімені мәдениет саласының ардагері жандандырды. – Біздің бара жатқан бағытымыз – бұрынғы атақоныс. Кезінде Қараөзек дариясы бойымен ел Қарақұмға келіп, қоныс тепкен. Осындағы Мойынқұм, Арысқұм бойында Арқа халқы мен Сыр жұрты тіршілік еткен. Міне, сол заманда көптеген елге белгілі тұлғалар өмір сүріп, халықтың мүл-мұқтажын түгендеп отырған. Солардың бірі – Найманұлы Бозжан би. Ол кісі жас кезінде Арқа, Қостанай, Қоянды жермеңкесіне дейін барып, сол жақтағы ағайындармен араласып-құраласқан. Діни сауатты, табиғатынан елгезек Бозжан би сол кездегі аты аңызға айналған Бұқарбай, Сейіл батырлармен, Шортанбай, Қырғи билермен, Бәймен, Қалжан ахундармен, Құнанбай қажымен сыйластық болған, – деді. Бозжан бидің елге белгілі Құнанбайға берген батасын тарқатып айтты.

Аға сұлтан мұсылмандық парыз – қажылықты өтемекке барар жолда қазақ даласына есімі белгілі Мырқаман Сыр бойында кездеседі. Бұл кезде Құнанбай діни біліктілігімен елге танылған Қалжан ахунды сырттай естіген. Осы сапарда Абайдың әкесі ахунмен дидарласуға ықыласты болып, ауылына келіпті. Қалжан ахунның уағыздарына көңілі толған Құнанбай:

– Ау, шырағым Қалжан, баратын жеріміз алыс. Сен бізге шарияттан үлкен өнеге айттың, Алла разы болсын! Біз туралық, бата беріңдер! Батаны Қалжан шырағым, сен бересің және батаны берген кезде «менің сүйегім Меккеде қалсын» деп бергін. Иләһи әмин? – дейді.

Аға сұлтанның бүкіл сұрағына мүдірместен жауап беріп отырған Қалжан ахун осы сәтте ұмтылып барып, іркіліпті. Батада «ол» деген жүрмейді. Мұны байқаған Бозжан би:

– Ау, шырақтарым, бұған кідіріп болмас. Бұл батаны біз берейік. Ер тілегі болса, қалсын, ел тілегі болса, келсін, – деген екен. Бұған Құнанбай қатты риза болыпты. Құрметті меймандарды шығарып салып тұрған шақта Қалжан ахун Бозжанның қолын қыса беріп:

– Ау, ағажан! Өзіміз сияқты от оттап, су ішіп жүргеннен кейін қадірді білмейсің ғой. Бес уақыт намазымды саған Алладан рақмет тілесем болады

екен. Тұншығып бара жатқан жерде дем бердіңіз ғой, – деген екен.

Қажылық сапарда халық тілегі қабілу болып, Құнанбай еліне келеді. Қайтар тұста да осы Сыр бойымен жүріп, бабаларға тәу еткен. Сол сапарда қасында Бозжан би жүрген деседі.

XIX ғасырда өмір сүрген от ауызды, орақ тілді Бозжан Найманұлы қарапайым халықтың тілеуқоры болып, әрқез әділ төрелік айттып отырған. Ел ішіндегі болыстардың озбырлығына қарсы шығып, орыстың ояндарына тікелей талап қоя білген. Осындай қасиетімен бай-болыстарға жақпай, Арқада Құнанбай елінде ағасы Шаншармен бірге өмір сүреді. Кейіннен елге оралып, Қарақұмның Нұра табынында тіршілік етеді. Міне, сол жерге барып, баба рухына тағзым етіп, белгі қоюды қос көліктігерлер мақсат етіп келеді.

Жолаушылардың ішінде жол бастаушы – Мектепбай Бошқаев пен Уәли Қонақбаев. Алғашқысы Қарақұмда туылып, ер жеткен. Бірақ 1992 жылдан кейін атамекенге бара жатқаны осы. Ал Уәли аға бала кезінен сол топырақта қой баққан, сайы мен қырақасын жақсы біледі. Бұл кісінің де Қарақұмға табаны тимегелі отыз жылға жуықтаған. Бір қызығы, екеуі де кезінде Жалағаш ауданына қарасты Қараөзекте ауылы арқылы Қараөзек дариясын бойлай Қарақұмға жететін жолды жақсы біледі де, қала арқылы барып көрмепті. Бірақ Құмкөлдін қайымымен Қызылқияға жетсе, әрі жарай онай табанының айтты. Оған қоса, ауылдан шығарда Сансызбай аға осы маңнан әрбір төбесін білетін Төлебай ақсақалдан және Басқынбай ақсақалдың зайыбы Зейнекүл әжейден Бозжан бұлғағына баратын жолды сұрастырып, қағазға түсіріп алған.

Жол бастаушылардың нұсқауымен Түзкөл, Ақшабұлақты артта қалдырып, Арысқұмның Қызылқия шетінен бір-ақ шықтық. Құтты мекен қазір мұнайлы аймаққа айналған. Өйткені жол бойы мұнай бұрғыланып, сарсаған ауыр көліктермен «қара алтын» тасымалдануда. Тіпті, ең далаға арнайы пост орнатылып, әрбір көлік тексеріледі екен.

Қызылқияға жеткеннен кейін батысқа қарай жүрдік. Межелі жерге төтелеп салу үшін алдымен Тыныштықбай жеріне жету керек болды. Мұнда мұнайшылар әр жерден жол сала берген. Содан болса керек бұрынғы сүрлеу жолдардың ізі білінбейді. Тыныштықбайда кезінде әскери бөлім болған екен. Уәкен соны тапсақ әрі қарай төтелеп жол салмаыз деді. Айтқаныша болған жоқ, бірнеше аттың күші бар алып көлікті тізгіндегендер әп-сәтте тек жұрнағы қалған әскери бөлім орнына жеткізді. Содан солтүстікке бағыт алып, ойлы-қыратпен Мойынқұмға жол салдық.

Тақыр жол. Теп-тегіс. Көлімігі асфальт жол секілді. Күні бойы ойлы-қырлы жолдан шаршаған жүргізушілер тақырда жылдамдықты арттыра түсті. Осыны аңғарған Сансызбай аға:

– Кезінде қойшыларға ауылдағы екі-үш шопыр қатынап тұратын. Оның ішінде Ахмет деген шопыр болды. Ұлты – шешен. Жұртшылық

«Ахмет шешен» дейді. Қайда барса да асықпайтын көрінеді. Сол кісі осы жолмен жүргенде «Ай, бір тақырда 30-40-пен бастым» дейтін көрінеді, – деп көлік ішіндегілерді күлкіге қарық қылды. Содан кейін:

– Ө-ә, сүрлеу жолға түстік, – деді. Артта 200 шақырым жолды қалдырғанбыз. Күн қатты ыдырай түскен уақыт. Шаңдатып отырып Жыңғылдыбұлақ басына келіп тоқтадық. Мектепбай аға көліктен түсе салысымен:

– Мынау – өзіміздің Жыңғылдыбұлақ. Бұрынды бұл жердің бәрін су алып жататын. Қайран, атақоныс! – деп кең тыныстап, осы маңдағы скважинадан шөлін қандырды. Бәріміз де суды рахаттана ішіп, әрі қарай жолымызды жалғадық. Жолбастаушылар әр төбені таныстыра бастады. Сансызбай аға жазып алған қағазына қарап басын ізеп қояды. Қоғалықпен асып, Табақбұлақ, Төлегентөбеден өттік. Содан кейін екі-үш төбенің манайына келіп, Бозжан бұлғағын іздей бастадық. «Осы болар» деп бір биігіне шықтық. Ауылдағы Төлебай ақсақал «Бозжан бұлғағының басында сексеуілден қаланған екі-үш бейіт болу керек» деп айтқан. Төбенің аласарған тұсынан Мектепбай аға сол бейіт орнын тауып, қуанғанын «Бозжан бұлғағы басында сексеуілден қаланған екі-үш бейіт болу керек» деп айқайлап жіберді. Баба рухына тағзым еткенді келген жолаушылардың бәрінің көңілі жайланды. Бозжан бұлғағының негізін де тапты. Әлі де ылғалданып жатыр екен. Төбе басында жол бастаушы ашыла сөйледі.

– Бұл – әкелеріміз атын суарып, аналар су алған қасиетті жер. Кімнің табаны тимеді дейсіз бұл жерге?! Жақсылар мен жайсаңдар бас қосқан мекен. Солардың ішінде Бозжан би осы елге мәншүр болған. Осы маңды мекен еткен. Енді ата-баба алдындағы парыз ретінде «кейінгі ұрпақ білсін» деген ниетпен белгі қоюды мұрат еттік. Сол біздің буынға бұйырып, абыроймен атқарып отырмыз, – деді.

Біз барған тұс – Мойынқұм жері. Расында, табиғаты тамаша! Шөбі шүйгін, нағыз малжайылмдық жер. Табаны сулы, нулы болғаны аңғарылады. Қазір кезіндегі көлдер тартылғанымен орны бар екен. Жерұйық іздеген Асан қайғы осы маңға келіп «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен» деп баға берген секілді.

Бұл маңды «Мыңбұлақ» деп атайды екен. Себебі бұлақ көп. Тенізбай құдығы, Байболат құдығы, Жалмауыз құдығы, Қара құдық, Итқара құдығы, Сәрсенбай бұлғағы, Қарға бұлғағы деп жалғасып кете береді. Осының ішінде жол бастаушылар Жалмауыз бұлғағының тарихын тарқатты. Бұған бір отбасы түсіп кеткен деседі. Құдыққа өгіз құлаған. Соны шығарамыз деп қыз түседі, артында ағасы, әжесі түсіп, шықпай қалады. Ол кезде құдықта мөтен газы болатынын білмесе керек. Соған тұншығып, бір отбасыны жалмаған құдық жалмауыз атанған екен. «Одан кейінгі Қара құдыққа да танғалмасқа болмайды» дейді қариялар. Себебі, төбе басына дейін, яғни жерден біршама биіктікте су шығып тұр екен. Бұл да – бір Құдайдың құдіреті.

Жалпы, айта берсе киелі, құтты атажұрттың тарихын тауыса алмайсың. Топырағын түрте қалсаң, тарих. Мұны бір мақала шеңберіне сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан тағы бір жол түскенде кенінен тарқатуға уағдаластық. Ал төбе басында Кәрібай ақсақал Бозжан бидің өмір жолын айтты. Одан Тайлақбай, Құдайберген, Алдаберген, Тәңірберген тарағанын жеткізді. Құдайбергеннен тараған Нұрмұхамбет ел егемендігінің негізін қалауға елеулі үлес қосып, мемлекет және қоғам қайраткері атанғанын айтты. Ал Жолмұхамбет (Жолтай) Бозжанов қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлының қандықойлек қаруласы, политругі болғанын тілге тиек етті.

Ақсақал осындай игілікті іске атсалысқан бауырларына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, барлық істі ұйымдастырып, 300 шақырымдағы атақонысқа жеткізген белгілі кәсіпкер А.Рахметке алғыс айтты. Төбе басына белгі қойылып, баба рухына Құран бағышталды. Ойдағы іс орындалған соң құт мекен қонысты артта қалдырып, қалаға қарай бет алдық.

Бір қуанғанымыз, бұл кісілер ата-баба алдындағы парызды абыроймен орындады. Ал аудан төңірегінде іздеушісіз жатқан қаншама тұлға бар екенін кім білсін?! Оларға да осындай құрмет жасалып, белгі қойылса, кейінгі толқын ата-баба ерлігін еш ұмытпайтыны анық. Тек елге еңбегі сінген сол қайраткер тұлғалар іздеушісіз қалмасты.

Ердос СӨРСЕНБЕКҰЛЫ. Сырдария ауданы.



Бірде Дуанбай Бұқарбайдың ұлымен найзаласып жүріп, байқамай өлтіріп алады. Аналары қорыққаннан екеуін қашырып жіберіпті. Сүтен әжі ауыл ақсақалдарымен ақылдасып, Дуанбайды ағайынның бір қызына қосып, өзі Алтынайды жар етіп алады. Алтынай Ербай, Сәрсенбай және Әбдіхалық деген ұлдарды дүниеге әкеліпті. Сүтен атамыз Түркістан жанындағы Қарнак медресесін бітірген, сауатты жан болыпты. Алла Тағала бақ қондырып, дәулетті атанады. Соның арқасында үш рет Мекке мен Мәдинеге қажылыққа барып қайтқан деседі. Соңғы сапары 1910 жылға тұспа-тұс келіп, көп ұзамай дүниеден оздыты. Денесі Боктыөлен ауылының зиратына қойылып, басына күмбөз тұрғызылыпты.

1880 жылдары Сүтен әжінің тұңғыш ұлы Ербай болыс боп сайланды. Жирмадан асқан жігіт екен. Алайда 1920 жылдардың соңына қарай жалаға ұшырап, қудаланып, ақыр соңында ітжекенте айдалатын болған соң босқан елмен бірге Қоқанға (Өзбекстан) қоныс аударды. Осы кезде әкесінің орнына болыс боп сайланған Шағдарбек те жазықсыз жазаланып, «халық жауы» атанып, он жылға сотталып кетті. 1947 жылы науқас болып еліне оралады. Шағдарбектен соң Ербайдың інісі Әбдіхалық болыстық тізгінін ұстады. Өкініштісі сол, Сүтен әжінің ұрпағының бәрі де «бай-қулақтың балалары» деген жаламен сталиндік репрессияға ұшыраған.

Сүтен әжінің екінші ұлы Сәрсенбай 40 түйемен Атбасардан Сыр бойындағы ағайындарға астық тасып, ашаршылықтан аман алып қалам деп шырылдап жүргенде, НКВД «бай-қулақтың құйыршығысы» деп ұстап алып кетеді. Сол кеткеннен мол кетеді. Сәрсенбайдың қызы Зағираш Қоқан қаласында тұрып, әкесін сағынып, 1949 жылы «Мұңлық» атты қайғылы өлең шығарыпты.

– Жан көкем, қапалықпен күле алмадым, Теңі боп қатарымның жүре алмадым. Есіме түскен сәтте жан көкешім, Орнымнан үш ұмтылып, тұра алмадым, – деп өзінің ауыр халін жеткізеді. Көңіл шерін өлеңмен тарқатып:

– Ауылым Рыштанның күн бетінде, Құдайдың кім көнбейді құдіретіне. Қолға алып, сағынғанда көретұғын, Болмады-ау, тым болмаса суретің де, – деп армандайды.

Әлбетте, өлең шығарылған кезінде «халық жауы» атанғандардың суретін табуға еш мүмкіндік болмайтын. Қазіргі сәтте Сәрсенбай атаның суретін ұрпақтары тиісті органның алатын шығар деген үміттеміз. Енді «Мұңлық» өлеңінің тарихына көшейік. Бұл өлеңді Шиелі ауданының Қарғалы ауылында тұрған Әбдірасыл Оразбайұлы Арзықұлұев ақсақал 1949 жылдың 1 желтоқсанында Қоқан қаласында болғанда Сәрсенбай Сүтенұлының он тоғыз жасар қызы Зағираштан жазып алғанын айтады. Жас қыз анасы Зейнарамен сырласа отырып, өзінің жүрекжарды зарын жеткізуге тырысқан. Бір ғана емес, мыңдаған қандасымыздың басынан өткен зұлмат шақтың ашы шындығын көрсеткен шерлі өлең бұл. Бір өкініштісі, 1990 жылдан бастап республика архивтерінде шаң басып жатқан тарихи ақиқаттар ашылып жатқанда Әбдірасыл ақсақалдың 1998 жылға дейін сары майдай сақтағаны түсініксіз. Ертерек айтылса, туыстары не журналистер Қоқандағы қайғылы жандарды тауып алар ма еді? «Ештен кеш жақсы» дегендей, «Мұңлық» өлеңінің жарыққа шығуына дәнекер болған журналист Сәғи Құрманбаев ағамызға, Ботабай ауылында тұратын Қадырқұл мен Жанылша Ербаеваларға мын да бір алғыс!

Қадырқұл Құрманқызы апамыз бізге аманат етіп тапсырған «Мұңлық» өлеңін толығымен назарларыңызға ұсынып отырмыз. Авторы Зағираш Сәрсенбайқызы. Көшіріп алған: Ә.Арзықұлұев. Өлең 1949 жылы шығарылған.

Дегенде «Ай-хой, айдай жиырма бес!», Зейнара, әкем келер, бір Алла деш! Тілекті Құдай беріп, көкем келсе, Келер ме, екі айналып тағы он бес! Жан көкем, қапалықпен күле алмадым, Теңі боп қатарымның жүре алмадым. Есіме түскен сәтте сағынғандым, Орымнан үш ұмтылып, тұра алмадым. Осы ма, пешенеге салған ісің, Қорқыныш емес еді көрген түсім. Есіме түскен сайын жан көкешім, Жүрегім өртенеді, қайнайды ішім. Арасы екі ауылдың қауылдырық, Жан көкем, кеткенің бе, сағындырып? Сұраған тілегімді Құдай берсе, Келерсің ақыр бір күн салып ұрып.

Сүтен әжі (Сүтгібай) XIX ғасырда өмір сүрген. Туған жері – Шиелі ауданы, Тартоғай ауылына қарасты Боктыөлен деген жер. Сырдария өзені жағасындағы Қоғалықкөлдін айналасы. Сүтен атамыз негізінен ашылықты кәсіп етіпті. Бір күні бейтаныс екі кісі кезігеді. Амандасып, жөн сұрасса, екеуі де қашып жүрген Бұқарбай батыр ауылының тұрғындары екен. Бұқарбайдың інісі Серіктің ұлы Дуанбай мен қызы Алтынай көрінеді. Гәп мынада – Бұқарбай батыр өзінің және ағайындарының балаларын найзаласуға үйретіпті.

Сүтен әжінің ұрпақтары

Жан көкем бір күн сипар басымызды. Миымды суық ойлар жаулаған ба, Ақ қырау өлден шалды шашымызды. Қай заман? Мына заман? Қай-қай заман? Өкелерді айыртқан дардай заман. Бір-бірін көрмей қалу азап екен, Қосылар күн бар ма екен, есен-аман?

Дауысым айқайласам, ашылады, Кеулім әр тарапқа жосылады. Жан көкем он жылда бір келмеген соң Үмітім от өшкендей басылады.

Кайтейін, амал бар ма, қан жұтайын, Қалайша жан көкемді ұмтайтын? Жо-жо-жоқ, ешқашанда ұмытпайын, Бауырымды жерге төсең, суытайын...

\*\*\* Біздің ел көшіп жатыр, қонып жатыр, Арманым көкем үшін толып жатыр. Осы ма пешенеге жазылған іс, Айтшы, кім, жан көкемдей болып жатыр?

Көңілім жақсылықты біліп тұрса, Жүрегім қобалжымай тынып тұрса, Сәт сайын жан көкемді іздер ме едім, Құрбылар қатар өскен келіп тұрса.

\*\*\* Отының мен аламын, қуын, жасын, Дұшпандар бізді айырған қуанбасын. Өлеңге көкемді айтып көп қосамын, Құлағы тым болмаса шуылдасын.

Ауылым көшіп қонар Қоғалыға, Кім көнбес бір Алланың салғанына. Өзімді тірі өліктен сезімеің, Айрылып жан көкемнен қалғаныма.

Зарланып көп айтуға бата алмадым, Түн болса төсегімде жата алмадым. Жан көке-ау, кеткенің он жыл болды, Хабарсыз қайда кеттің, хат алмадым?

Қара су, есік алды шып-шып етер, Бұл көңіл мақсатына қайтсе жетер? Қосылып жан көкеммен жүрмеген соң, Дүниенің бұлай өткен бәрі бекер.

Ауылым Рыштанның күн бетінде, Құдайдың кім көнбейді құдіретіне. Қолға алып, сағынғанда көретұғын, Болмады-ау, тым болмаса суретің де...

Айтбай СӨУЛЕБЕК, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты. Нұр-Сұлтан қаласы.

\*\*\* Зар-мұңымды айып етпе, ағайын, Жарылқай гөр, жарылқаушы Құдайым! Жетім боп жастайымнан көп естідім, Кемсітіп айтқан сөздің мен талайын.

Кигенім аяғыма өзбек етік, Барады сүйегімнен сөздер өтіп. Қорлықтың барлығын да ұмыттар ем, Жарқ етіп шыға келсе көкем жетіп.

Ей, Алла, ұзақ еткін жасымызды,





# Руханият темірқазығы

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – ел дамуының жарқын үлгісі көрсететін ең маңызды құжат. Қазақстан тәуелсіздік алғалы Елбасы бастамасымен қаншама саяси реформа жүргізді. Одан кейін экономикалық жаңғыру болды. Саяси-экономикалық салада көптеген жетістіктерге жеттік. Мақала біздің елімізге ерекше серпін беруде.**

Рухани жаңғыру, бұл – адамзаттың ішкі әлемінің жанаруы, сана сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Жаңғыру өркеніеттің өрге жүзуімен байланысты. Көне замандағы көрікті қалалар мен озық ескерткіштер, мәдени мұралар осыған бұлтартпас айғақ. Тұңғыш Президент рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынған. Ондағы бағыттар – баскелестік қабиет арқылы ғаламдандық жаһандық жүйесіне еніп, XXI ғасыр талаптарына дағдылану.

«Болашақта ұлттың табысты болуы, оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекеге қабілеттілігімен айқындалады, сондықтан әрбір қазақстандық XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек», – делінген мақалада. Тұңғыш Президент аламі құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу мен олардың бойында патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық беру қажеттігін атап көрсетті. Болашаққа бағдар беретін маңызды құжатқа көрсетілген

– өңірлердің белсенді қатысуы, сонымен қатар, кәсіпкерлерді, меценаттарды және мүдделі азаматтарды тарту. Осы арқылы азаматтардың өз ауылына, ұшқан ұясына жанашырлық танытуы көзделді.

Төртінші бағыт – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы». Бұл – біздің елдегі ең танымал жобалардың бірі. Елбасы мақаласы жарыққа шығысымен бір жыл ішінде барлық өңірлердің қасиетті жерлері туралы деректер жинақталды. Ұлттық музей жанынан «Қасиетті Қазақстан» орталығы құрылып, киелі жерлерді іріктеу мен жүйелеу бойынша ғалым мен қоғам қайраткерлерінен тұратын арнайы кеңес ашылды. Тізім жасалып, оның ішінде жалпыұлттық маңызы бар 183 нысан анықталды. Онда ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұралары қатарына енгізілген тарихи және мәдени ескерткіштер де бар.

Бесінші бағыт – «Жаһандағы қазақстандық мәдениеті». Бұл қазақстандық мәдениетті шетелде танымал ету бойынша жүйелі жұмыстар құруға бағытталған. Жоба аясында шетелдік аудиторияға қазақстандық мәдениеттің түрлі бағыттарын айшықтайтын әртүрлі іс-шаралар жиі өткізіліп келеді.

Алтыншы бағыт – «Қазақстандағы 100 жаңа өсім», бұл 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шын мәніндегі

визиттік қарточкасына айналды. Жоба түрлі саланың көрнекті тұлғаларын бүкіл Қазақстанға таныстырды. Олар – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жетіп, ел мойындаған әншілер, композиторлар, спортшылар, ғалымдар, журналистер және басқа да өз ісінің хас шеберлері. Алғашқы жылдың өзінде «Қазақстандағы 100 жаңа өсім» жобасы бойынша 2112 үміткер жиналып, оның 102 жеңімпазы сол жылы 1 желтоқсанда Елбасымен кездесті. Мұның бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа берері мол.

Тұңғыш Президент-Елбасының рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға ерекше маңыз беруі – тұтастай ұлттың алға ілгерілеуін жылдан жылға қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім мен ғылымда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі толық, ұлттық идеологиясы өз темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін саналы түрде өзмізді рухани жағынан үнемі жетілдіріп отыруға тиіспіз.

**Ләззат ДҮЙСЕНОВА,**  
**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы.**



## БЖЗҚ өз қызметінде цифрлық технологияларды кеңінен пайдалануда

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өз салымшыларының ұсыныс-тілектерін ескере отырып, көрсететін қызметтерін үнемі жетілдіруде**

Халық арасында зейнетақы жоспарлау мәдениетін қалыптастыру және еңбекке қабілетті азаматтардың барлығын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының алдына қойған басты міндеттерінің бірі. Әрине, оны жүзеге асыру үшін ел алдымен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру керек. Ал бұл заманауи технологияларды қолдануды талап етеді. БЖЗҚ бұл тұрғыда заман талаптарынан қалыс қалмай, өз жұмысында ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін кеңінен пайдаланып келеді. Соның арқасында Қордың көрсететін қызметтерінің барлығы дерлік электрондық үлгіге ауыстырылған.

Жопа түрлі саланың көрнекті тұлғаларын бүкіл Қазақстанға таныстырды. Олар – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жетіп, ел мойындаған әншілер, композиторлар, спортшылар, ғалымдар, журналистер және басқа да өз ісінің хас шеберлері. Алғашқы жылдың өзінде «Қазақстандағы 100 жаңа өсім» жобасы бойынша 2112 үміткер жиналып, оның 102 жеңімпазы сол жылы 1 желтоқсанда Елбасымен кездесті. Мұның бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа берері мол.

Халық арасында зейнетақы жоспарлау мәдениетін қалыптастыру және еңбекке қабілетті азаматтардың барлығын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының алдына қойған басты міндеттерінің бірі. Әрине, оны жүзеге асыру үшін ел алдымен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру керек. Ал бұл заманауи технологияларды қолдануды талап етеді. БЖЗҚ бұл тұрғыда заман талаптарынан қалыс қалмай, өз жұмысында ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін кеңінен пайдаланып келеді. Соның арқасында Қордың көрсететін қызметтерінің барлығы дерлік электрондық үлгіге ауыстырылған.

### Push-хабарлама

Push-хабарлама – Қордың ENPF ұялы қосымшасының жанадан енгізілген қызметі. Оны пайдалану үшін ұялы қосымшаны ашып, «Баптау» бөліміне кірген соң, (push-хабарламаны қосу/өшіру) осы қызметті іске қосаңыз болды. Сонда зейнетақы шотыңызға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары келіп түскен сәтте, экранда пайда болатын қысқаша хабарлама Сізге бұл туралы дер кезінде хабарлап отырады.

### БЖЗҚ телеграм-боты

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ұялы қосымшаны ғана емес, салымшыларға ыңғайлы болуы үшін танымал мессенджерлерді де енгізіп, дамытып жатыр. Мысалы, бір жылдан бері БЖЗҚ-ның танымал Telegram мессенджеріне арналған арнайы боты жұмыс істеп келеді. Ол бірқатар қызметтерді қамтиды. Олардың ішінде бастапқы кәсіпкерлер арқылы болашақ зейнетақыны есептеуге мүмкіндік беріледі, онлайн-бот арқылы жиі қойылатын сұрақтарға жауап болады.

### Өз деректемелеріңізді тексеріп тұрыңыз!

Соңғы кездері Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының электрондық поштасына «Біреттік паролды» жеткізу мүмкін болмай жатыр деген сипаттағы хабарламалар жиі түсіп жатыр. Орын алған жағдайға байланысты «БЖЗҚ» АҚ жауапты тұлғалары арнайы тексеру жүргізіп, мынадай қорытынды шығарды: Қордың ұялы қосымшасы мен сайты ойдағыдай жұмыс істеп жатыр. Бұл ретте БЖЗҚ дерекқорында салымшының электрондық поштасы және/немесе ұялы телефонның нөмірі дұрыс жазылмаған жағдайда ғана Қор сайтының Жеке кабинетіне кіру мүмкін еместігін айта кеткен жөн.

# Туған жерін түлеткен

**Аманкелді – ауыл перзенті. Оның әкесі Аманбай Ұлы Отан соғысының от-жалынан бастан кешірс, шешесі Меруерт тылдағы тынымсыз тірліктің ауыртыналығын көтерген. Осындай ата-ананың тәрбиесін көріп өсейген ол кездескен қандай қиыншылықтарға мойымай, жігерлі болып өсті.**

Мектептен кейін, жиырма жасында арнаулы оқу орнын бітіріп, кіші агроном мамандығын алды. Уақытпен санаспайтын ауылшаруашылық жұмыстарына араласып, еңбек жолын бастады. Жалын жүректі, ісіне мығым, тындырмды жігері тәпсірленген жұмыстарды ықпалдағты атқарды. Соның нәтижесінде Карл Маркс атындағы кеңшардағы бөлімше агрономдығы менгеріп, егінші қауымның жанашырына айналды.

Мектептен кейін, жиырма жасында арнаулы оқу орнын бітіріп, кіші агроном мамандығын алды. Уақытпен санаспайтын ауылшаруашылық жұмыстарына араласып, еңбек жолын бастады. Жалын жүректі, ісіне мығым, тындырмды жігері тәпсірленген жұмыстарды ықпалдағты атқарды. Соның нәтижесінде Карл Маркс атындағы кеңшардағы бөлімше агрономдығы менгеріп, егінші қауымның жанашырына айналды.



қол үзбей оқып, жоғары білім алған тәжірибелі маман, ұйымдастырушылық қабілеті мол, әр адамның тағдырына жанашырлықпен қарап, ортақ тіл табыса білетін Аманкелді Аманбаевты Майдәкөл кеңшарындағы партия ұйымының есебінде тұратын коммунистер қалап, партбюро хатшылығына бірауыздан сайлаған.

ры атанған Асан бабасының ұрпағы Өмірқұлды Тоғыс ата-баба қаратөбенің басынан ескерткіш белгі орнатып, оған дүниенің әр түкпірінде жүрген ұрпақтарын жинап, ас беруге аталысы. Жер бетінен жойылуда қараған Әмәлі қорымында жерленген аруақтардың есімін түгендеп ескерткіш тақта қою, «Орынбет ишан» мешіті орналасқан жердегі бабалар қорымын қоршау, тілеухана салуда Аманкелдінің қосқан үлесі аз емес. Ауылдастары мен аталас ағайындарына бастамашы болып, сауапты да игілікті істерді атқаруда «Әлі риза болмай, тірі байымайды» дегенді ұран етіп, елді ізіне ерткенін, ұйымдастырушылығын ешкім жоққа шығара алмайды.

1966 жылы жаңадан құрылған Октябрь кеңшарында қызметін жалғастырды. Қандай жұмыс болса да тартынбай, бел шеше кірісіп, ел сүйіспеншілігіне бөленді. Бұған дейін шаруашылықта тындырмды еңбек етіп, таңдаған мамандығының қыр-сырын жақсы меңгеріп білген Аманкелді аудандық басшыларының үнемі назарында болды. 1973 жылы Майдәкөл кеңшары ашылғандықтан директор болып тағайындалған Кінкбай Әйімшөвтің де таңдауы Аманкелдіге түсті. «Маған жақсы маман керек» деп аудан басшыларына өтініш айта жүріп, бас агрономдыққа бекітілді.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» деген. Аманкелдінің төбесі көкке жеткендей болды. Қиыншылықтың бәрі ұмыт болып, ісіне ерекше жігермен кірісті. Соның нәтижесінде егін бітік шығып, өнім мол болды, қырман астыққа толды.

Аманкелдінің төбесі көкке жеткендей болды. Қиыншылықтың бәрі ұмыт болып, ісіне ерекше жігермен кірісті. Соның нәтижесінде егін бітік шығып, өнім мол болды, қырман астыққа толды.

«Орнында бар оңалар» деген. Бұл күндері өмір бойы шәкірт тәрбиелеген білікті ұстаз Гүлжахан Аманкелдінің шаңырағын шайқалтпай отыр. Ұлдарына, қыздарына қолынан келгенін беріп, тың бастамалар көтерді. Реті келгенде қиналғандарды демеп, жетім-жегірлерді жебеп, қолынан келген көмегін аямалды. Ағайын-туысқа жанашырлықпен қарап, қуанышына ортақтасып, қайғыны бөлісті. Аманкелдінің жанкештігімен атқарған үлгілі іріліктері осы кезге дейін ел аузында жүр. Тәуекелге бел байлап, халықты жұмылдырып, Кенес Одағының батыры Ұрмаш Түктібаев пен соғыстан оралмаған жерлестерге арналған ескерткіш орнатуды ұйғастырды. «Тағзым» алаңын қайта жаңғырту, заманауи халық бағы-

**Шамша АЙТУҒАНОВ,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

### ТУҒАН ЖЕР

## Жосалы төбе

– Жоса деген шөп екен деп жүрсем, қиырлық тас екен ғой, дейді автобус үстінде екі жас бір-біріне. – Сол қасиетті төбе қай тұста өзі?

Жосалы төбесінің аумағы 10 гектардай жер, топырағы майда, қиырлық тас аралас. Кезінде жолға төсеуге пайдаланылған. Суга, жанбырға иленбейді. Міне, осы төбеден жоса дейтін тас пайдаланған екен. Ол суға салсаң жайылып, жоса-жоса боп еріп кетеді.

ретінде пайдаланған. Оның сары түсті өні көп уақытқа дейін жоғалмаған. Бұл жосамен қараша үйдің уық, кереге, шаңырағын да бояған.

лы төбеде той және ас беру рәсімдері өтіп тұрған. Қазір бұл төбе оқшаулануы, алыстан қол бұлған тұр. Бір күндері шөгешөгі жоқ боп кетуді де ықтимал. Жас ұрпақ жердің тарихын, ел аузында жүрген аңыздар мен шыңдық оқиғаларды білгені жөн.

**Баршағұл САХИЕВА,**  
**Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.**

## Шағын бизнес субъекттерінің назарына!

Қазақстан Республикасының Республикасының бюджетке төленетін бәсқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 685-бабының 1-тармағына 3-тармақшасына сәйкес, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап, дара кәсіпкерлер үшін патент негізінде кәсіпкерлікпен айналысатын қызмет түрлерінің тізімі бекітілген. Яғни, патент негізінде кәсіпкерлікпен айналысатын қызмет түрлерінің тізімі төмендегідей:

- 1) сылық жұмыстары;
- 2) ағаш ұсталығы мен ағаш шеберлігі жұмыстары;
- 3) еден жабу және қабырға қаптау жөніндегі жұмыстар;
- 4) бояу және шынылау жұмыстары;
- 5) такси қызметі;
- 6) автомобиль көлігімен жүк тасымалдау;
- 7) сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлік бастықтары;
- 8) фотография саласындағы қызмет;
- 9) аударма (ауызша және жазбаша) ісі;
- 10) мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- 11) көлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- 12) ойын-сауық және спорттық керек-жарактарды прокатқа және мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- 13) бейнежазбалар мен дискілерді прокатқа беру;
- 14) басқа да жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды прокатқа беру және мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- 15) ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- 16) есептеуіш техниканы қоса алғанда, кеңсе машиналары мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- 17) спорттық білім және бос уақытты ұйымдастыру мамандарына білім беру саласында көрсетілетін қызметтер;

2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылатын сылық салу режимі туралы хабарламаны ұсынаған және онлайн БКМ қолдануға міндетті:

- Оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимі;
- Пріклетен шетерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі

2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылатын сылық салу режимі туралы хабарламаны ұсынаған және онлайн БКМ қолдануға міндетті:

- Оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимі;
- Пріклетен шетерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басшыларға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjanama@mail.ru

**М.ЖАДЕНОВ,**  
**Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы.**



ӨНЕР

Заманауи балет труппасының кеші

Американдық заманауи билің ең үздік балет труппаларының бірі "Сompany E" сырбойылық көрерменге әсерлі кеш сыйлады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Кеште АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің мәдениет және білім беру жөніндегі атташе орынбасары Лэнс Эриксон сөз алды.

"Сompany E" труппасы – дүниежүзіне танымал ұжым. Тараздан бастау алған сапарымызда шығармашылық топ 6 қаланы аралайды.

нақжайлығы қатты ұнады. Алдағы уақытта да түрлі жобалармен келіп, тығыз қарым-қатынас орнатамыз.

"Сompany E" заманауи балет труппасы «АҚШ-тағы заманауи билің ең үздік труппасы» әрі «батыл және талантты труппа» (Washington Post) деп танылған.



ланес орнатып келеді. – Қазақстан біздің екінші үйіміз секілді. Бірінші рет 2009 жылғы келгенбіз. Сол уақытта халықтың, бишілердің өнерді құрметтейтінін, заманауи бағытқа қызығушылықтарының бар екенін байқадық.

настамыз. Мұндағы қазақ бишілерінің мүмкіндігі зор, сапасы жоғары, талғамдары биік. Қазір алматылық "Самұрық" заманауи би театрымен бірлесіп жұмыс жасаймыз.

лымдар және бір актілік балет кіреді. Сонымен қатар, хореографиялық миниатюралық түрлі нысандары бар. Екі елдің арасында алшақтық болғанмен, бізді өнер байланыстыруда, – дейді труппа директоры Пол Гордон Эмерсон.

дан бастап Қазақстанда заманауи би бойынша семинарлар өткізіп келеді. Осы сапар аясында да труппа қазақстандық әріптестерге Бродвей джазы және американдық заманауи би элементтері бойынша шеберлік сабақтарын өткізеді.

ИГТ ШАРА

Жақында Жанакорған ауданы аумағы Қызылқұм қойнауындағы Қорасан ата, Әбдіжәлел баб кесенесі саябағына бір топ ынталы азаматтардың күшімен 60 түп шынар ағашы егілді.

Қызылқұм қойнауына шынар ағашы егілді



Шынар ағашының көшеттері осы маңдағы Қылауыз ата мен Қылышты ата-Төлегетай кесенелері маңына да әзірге алты түтпен егілді. Мұнан өзге 50 түп жиденің жана түрі, 200 түп шыршауық-роза гүлі мен арнайы Голландиядан әкелінген 2000 түп қызғалдақ тұқымы топыраққа сіңірілді.

өнбеген жағдайда келер жылы оны қайтадан өз қаржымызға ағеміз, яғни шынар ағашы осы жерді қашан жерсінгенше қайталаймыз, – дейді меценат жігіт.

«Толгай-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрылтайшысы әрі директоры осылайша мырзалық танытып отыр. Компания тек құрылыс салып қана қоймайды, қайырмалық шараларына да үнемі қатысуымен ерекшеленеді.

– Шырша ағашы көшетін сатып әкеліп, әуелі Сарыағаштағы тұқым бағында үш жыл өсіріп жерсіндірілдік. Әкелген көшеттеріміздің үштен бірінен астамы алды. Міне, енді осы тұқымбақтан 60 түп шынар ағашын әкеліп осында өзіміз егіп беріп жатырмыз. Оларды өзіміз үш жыл бойы күтіп баптайтын боламыз. Барлық көшет танылатып суару әдісімен күтімге алынады. Егер биылғы еккеніміз

Н.НАЗЫМХАНУЛЫ, Жанакорған ауданы.

ТАНЫМ

Астероидтар туралы қызықты деректер

Астероид – көлемі үлкен емес (диаметрі 30 метрден асатын) қалыптасқан формасы жоқ ғарыш объектісі. Олардың көлемі барлық планетадан шағын болып келеді.

Көптеген астероидтар үлкен көлемге ие. Диаметрі 10 шақырымнан асатындары Жерге қауіп төндіруі мүмкін. Жер бетінде Мұз дәуірінің басталуына ірі астероидтың құлауы әсер еткен болуы мүмкін.

Егер техниканың дамуымен астероидтардағы платина, кобальт секілді басқа да сирек кездесетін минералдарды алып, оны Жерге жеткізсе, бұл үлкен табыс әкелері сөзсіз.

Жер тұрғындары үшін ең қауіптісі 10 шақырымнан аса диаметрі бар астероидтар. Алайда, қобалжуға негіз жоқ. Өйткені, мұндай көлемдегі аспан денелері осы уақытқа дейін Жер орбитасымен кысыласқан емес. Астероидтар қауіптілігін өлшеу үшін Турин шкаласы қолданылады.

Ең үлкен астероид «Церера» деген атқа ие. Оның формасы шарға келеді және диаметрі 1000 шақырымға жетіп қалады.

Метеорит, астероид және метеор – бұлардың барлығы да бір аспан денесі. Егер астероид Жер атмосферасына кірсе, ол метеор болып саналады. Ал жер бетіне жеткен астероид метеорит деп аталады.

Астероид сөзі көне грек тілінде «жұлдызға ұқсас» деген ұғымды білдіреді. Бұл атауды ойлап тапқан композитор Чарльз Берни.

Астероидтардың көпшілігінің құрамы тастан құралған, металдардан құралғандары да бар. Металдан құралғандары ауыр болып келеді. Жер атмосферасын қиналмай жарып өтіп,

жер бетіне жете алады. Ал тастан құралғандары көбінесе атмосферада жанып кетеді немесе ірілеу болса жарылады.

Астероид белдеуіндегі барлық астероидтарды біріктіретін болса, онда диаметрі 1500 шақырымнан кем ғарыш денесі пайда болады. Ол Айдан жартысына да жетпейді.

Астероидқа оның орбитасы есептеліп болғаннан соң ат қойылады. Астероид ашылғаннан кейін ондаған жылдардан соң ғана ат берілген жағдайлар да кездескен.

2011 жылдың 8 қарашасында диаметрі 400 метрден асатын 2005 YU55 деген атауға ие астероид Жерден 324,6 мың шақырым қашықтықта ұшып өтті. Бұл Ай мен Жердің аралығының шамамен 85 % бөлігін құрайды.

АҚШ Конгресі 2005 жылы NASA алдына 2020 жылға дейін Жерге жақындап келе жатқан диаметрі 140 метрден асатын барлық аспан денелерін 90% анықтау жөнінде тапсырма қойды. Сондықтан да қазіргі кезде шағын астероидтарға онша мән берме қоймайды, барлық назар ірі астероидтарға аударылады.

Әзірлеген Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ, «Сыр бойы».

ХАБАРЛАНДЫРУ 2019 жылы 14 - 26 қараша аралығында «Қағаз қалдықтарын жинау» экологиялық акциясы өткізіледі.

EGOV БҰРЫШЫ Egov.kz-да мемлекеттік мамілеттерін ұсынатын сервис қалай жұмыс істейді?

МҮШӘЙРА

«Атыңнан айналайын, Атамекен!»

«Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінің 90 жылдығы аясында «Атыңнан айналайын, Атамекен!» атты облыстық ақындар мүшәйрасы өткізіледі.

Е Р Е Ж Е С І

Мүшәйраның мақсаты:

Алаштың анасы атанған киелі Сыр өңірі дәуірлер сипатын ашатын тарихқа да, данышпан би-шешендерінен, батырлары мен ақындарынан қалған асыл мұраға да бай. Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша сондай жәдігерліктерімізді ұрпақ бойына сіңіруге ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді.

Мүшәйраға қатысушы ақын атамекеніміздің қасиетін, аталарымыздың өсиетін жырмен кестелеп жеткізуге міндетті. Сонымен бірге, «халықтың тілі, көзі һәм құлағы» болған аймағымыздың ата басылымдары туралы да сыр толғауы тиіс.

Ақындар мүшәйрасы ұлтымыздың басты тәрбие құралы болған халықтың салт-дәстүрін, туған жеріміздің ыстық келбетін, туған жеріміздің ыстық келбетін өрнектеу арқылы санамыздың рухани жаңғыруын мақсат етеді.

Мүшәйраның талаптары мен шарттары:

Мүшәйраға 18-40 жас аралығындағы ақындар қатыса алады. Қатысушы мүшәйрада оқылатын өлеңін алдын ала көрсетілген мекен-жайға жіберуі керек. Ақын өз даусымен екі өлең оқиды, екеуі де көрсетілген тақырыптарды қамтуы тиіс.

Мүшәйраға арнайы сараптаудан өткен ақындардың шығармалары жіберіледі.

Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау:

Мүшәйраның өту барысында қазылар алқасы төмендегі талап-талғам бойынша жұмыс жасайды:

- Өлеңнің тақырыбы және құрылымы;
- Тіл тазалығы мен ақынның тақырыпты жеткізу шеберлігі;
- Автордың оқу мәнері мен аудиторияға әсер етуі;
- Қатысушының өзін сахнада ұстау мәдениеті;
- Озық өлеңдерге 3 орын (1, 2, 3-орын) және ынталандыру сыйлықтары беріледі.

Қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған шығармалар ақшалай сыйлықпен және дипломмен марапатталады. Мүшәйраға ұсынымдар 22 қарашаға дейін қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А». Байланыс телефондары: 40-11-10 (1038,1033) e-mail: syrboyi@yandex.kz, atashuly\_62@mail.ru

Ескерту: Мүшәйра 28 қараша күні сағат 10-да А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өтетін қос газеттің мерейтойына арналған конференция барысында ұйымдастырылады.

Ұйымдастыру алқасы.

«Әділдің жыр әлемі – жүрегімде»

«Қызылорда қаламгерлер қауымдастығы» ҚБ және Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен талантты да тағдырлы ақын Әділ Ботпановтың шығармашылығын насихаттауға арналған республикалық жыр мүшәйрасы өткізіледі. Ақпараттық демеуші – «Сыр медиа» ЖШС.



лады (сыйлық ақшалай). 5. Қазылар алқасы белгілеген орынның немесе сыйлықтың санын еселеуге керінісше қысқартуға құқылы. 6. Шығармалар мына мекен-жайға қарашаның 15-не дейінгі уақытта түсуі тиіс: Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 «А», «Сыр медиа» ЖШС гитаратының 2-қабаты, 210-бөлме. e-mail: atashuly\_62@mail.ru

Мүшәйрада қалалық Жастар театрының әртістері ақынның өлеңдерін оқып, сахналық көрініс жасайды. Сонымен бірге ақын сөзіне жазылған әндер орындалады. Жыр кешінде Ә.Ботпановтың өмірдегі, өлеңдегі үзгеніс жүрген достары, республикаға белгілі қаламгерлер қонақ болады.

Мүшәйраның шарттары:

- 1. Мүшәйраға жасы 18-40 аралығындағы ақындар қатыса алады.
2. Олардың өлеңдері алдын ала арнайы комиссияның іріктеуінен өтеді. Іріктеуде жарамсыз деп табылған шығарма мүшәйраға жіберілмейді.
3. Шығармалар мүшәйра талабына сай болуы керек.
4. Мүшәйра жеңімпазы 1, 2, 3-ші орынмен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады.

Мүшәйра талабы:

- а) Ақын 2 өлең оқиды (бірі – арнау, бірі – еркін өлең).
ә) Қатысушының бірінші өлеңі тағдырлы ақын Ә.Ботпановтың болмысын ашыуы тиіс немесе ол шығарма ақынның қасиетке арналады.
б) Қатысушының киім киісі, өлең оқу мәнері, көрерменмен арақатысы, яғни, аудиторияны назар аударта білуі есепке алынады.

Ұйымдастыру тобы.

ЖАРМӘНКЕ ӨТПЕДІ Ағымдағы жылдың 16 қараша күні Шиеді ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен облыс орталығының төмендегі шағын ауданында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілетіндігін хабарлайды.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі ұжымы осы колледждің ардагер ұстазы Ғалия Төлегенқызы Оспанованың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.